



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, «Министрліктер Үйі»
тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

010000, город Нур-Султан, «Дом министерств»
тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

№

**Қазақстан Республикасы
Парламентінің Мәжілісі
«Ақ жол» фракциясының
депутаттарына**

*(Б. Дүйсенбинов, А. Перуашев, А.
Әбілдаев, Е. Барлыбаев, С.
Ерубаяев, Д. Еспаева, А.
Жұмабаева, Қ. Иса, А. Линник,
Е. Өмірғали, М. Раманқұлов, Ғ.
Хамзин)*

*2022 жылғы 13 сәуірдегі
шығыс № ДС-118
депутаттық сауалға*

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне (бұдан әрі - Министрлік) келіп түскен депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлайды.

1) «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ (бұдан әрі - ҚазҰУ) аумағын жер учаскерлеріне бөлуді және оларды беру бойынша заңға сәйкестігін тексеру жөнінде

2021 жылғы қаңтарда Министрліктің бұйрығымен ҚазҰУ жер учаскесінің шекараларын түзету мәселесіне қатысты Facebook әлеуметтік желісінде жарияланған өтінішті зерделеу үшін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қызметкерлері құрамыға кіретін жұмыс тобы құрылды.

Нәтижесінде, «Geo Audit Company» ЖШС жерге орналастыру жобасын әзірлеу кезінде ҚазҰУ-дің алаңы 0,779 га көлемінде азайтылып, шекарасына түзетуді жүзеге асырған.

Алайда, ҚазҰУ-дің лауазымды тұлғалары жер учаскесін иеліктен шығаруға байланысты құжаттарға қол қойғанын жоққа шығарады.

ҚазҰУ-дің бірінші проректорының міндетін атқарушы М.М. Бүркітбаевтың арызы бойынша Алматы қаласы Бостандық аудандық

полициясының басқармасы «Geo Audit Company» ЖШС тарапынан құжаттарды жасанды жолмен жасау фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеу жүргізіліп, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 45-бабының 7-бөлігі 1-тармағының негізінде тоқтатылған және 2021 жылғы 20 мамырда Алматы қаласы Бостандық ауданының прокуратурасы тарапынан бекітілген.

2022 жылдың III тоқсанында Министрліктің мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес активтерді, оның ішінде жер учаскелерін пайдалану мәселелерін қамтумен қоса, ҚазҰУ-де тиімділік аудитін жүргізу жоспарлағандығын қосымша хабарлаймыз.

2) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының жер учаскелері бойынша тексеру жүргізуге қатысты

2021 жылы Министрлікке ведомстволық бағынысты 18 жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында жылжымайтын мүлік нысандарын, оның ішінде жер учаскелерін есепке алу мен пайдаланудың Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкестігіне аудит жүргізілді.

Ішкі аудит нәтижелері бойынша жер учаскелерін және ғимараттарды/құрылыстарды заңсыз иеліктен шығару анықталған жоқ.

Сондай-ақ, жылжымайтын мүлік объектілері бойынша есеп жүргізуге байланысты қаржылық және рәсімдік бұзушылықтар анықталды.

Сонымен бірге, анықталған бұзушылықтарға жол бергені үшін 25 лауазымды және заңды тұлғаларға 3 757,2 мың теңге сомасында әкімшілік айыппұл салынды, 13 қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

3) Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтамағаны үшін жоғары оқу орындарының лауазымды тұлғаларын (оның ішінде бірінші басшыларды) жауапкершілікке тартуға қатысты

Министрлік ведомстволық бағынысты ұйымдардың, оның ішінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызметінде бұзушылықтар анықталған жағдайларда лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау бойынша заңнамада қарастырылған тәртіппен шаралар қабылдайды.

Министр

А. Аймағамбетов

Орынд. Ф.Т. Садықов
Тел. 742056



Издатель ЭЦП - Удостоверяющий центр Государственных органов,
Республика Казахстан, КЗ, АСЫЛХАНОВИЧ, ЕРГАЛИЕВ КУАНЫШ



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, «Министрліктер Үйі»
тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

010000, город Нур-Султан, «Дом министерств»
тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

№

**Депутатам фракции «Ақ жол»
Мажиліса Парламенті Республика
Қазақстан**

*(Б. Дүйсенбинов, А. Перуашев, А.
Әбілдаев, Е. Барлыбаев, С. Ерубасев, Д.
Еспаева, А. Жұмабаева, Қ. Иса, А.
Линник, Е. Әміргали, М. Раманқұлов,
Ғ. Хамзин)*

*На депутатский запрос
№исх. ДС-118
от 13 апреля 2022 года*

Министерство образования и науки Республики Казахстан (далее - Министерство), рассмотрев депутатский запрос, сообщает следующее.

1) по проверке правомерности дробления территории НАО «Казахского национального университета имени аль-Фараби» (далее - КазНУ) на земельные участки и их передаче

В январе 2021 года приказом Министерства создана рабочая группа с включением в состав работников Антикоррупционной службы для изучения обращения, опубликованного в социальной сети Facebook, касательно вопроса корректировки границ земельного участка КазНУ.

В результате установлено, что при разработке землеустроительного проекта ТОО «GeoAuditCompany» осуществлена корректировка границ земельного участка КазНУ с уменьшением площади на 0,779 га.

Однако, должностные лица КазНУ отрицают подписание документов, связанных с отчуждением земельного участка.

По заявлению и.о. первого проректора КазНУ Буркитбаева М.М. Управлением полиции Бостандыкского района г.Алматы проводилось досудебное расследование по факту подделки документов со стороны ТОО

«GeoAuditCompany», которое 20 мая 2021 года прервано на основании ст.45 ч.7 п.1 УПК РК и утверждено прокуратурой Бостандыкского района г.Алматы.

Дополнительно сообщаем, что в III квартале 2022 года в соответствии с Перечнем объектов государственного аудита Министерства запланировано проведение аудита эффективности в КазНУ с охватом вопросов использования активов, в т.ч. земельных участков.

2) касательно проведения проверки по земельным участкам организаций высшего и послевузовского образования

В 2021 году в 18-ти организациях высшего и послевузовского образования, подведомственных Министерству, проведен аудит соответствия законодательству Республики Казахстан учета и использования объектов недвижимого имущества, в т.ч. по земельным участкам.

По результатам внутреннего аудита не установлено незаконное отчуждение земельных участков и зданий/сооружений.

Вместе с тем, выявлены финансовые и процедурные нарушения, связанные с ведением учета по объектам недвижимого имущества.

Объектами государственного аудита полностью возмещено в бюджет 2 424,1 тыс.тенге и восстановлено по бухучету 170 699,7 тыс.тенге.

Одновременно, за допущенные нарушения на 25 должностных и юридических лиц наложены административные штрафы в сумме 3 757,2 тыс.тенге, к дисциплинарной ответственности привлечены 13 сотрудников.

3) касательно привлечения к ответственности должностных лиц ВУЗов (в т.ч. первых руководителей) за несоблюдение законодательства РК

Министерством в установленном законодательством порядке принимаются меры по рассмотрению ответственности должностных лиц, в случаях установления нарушений в деятельности подведомственных организаций, в т.ч. организаций высшего и послевузовского образования.

Министр

А. Аймагамбетов

*Исп. Садыков Г.Т.
тел. 742056*



Издатель ЭЦП - Удостоверяющий центр Государственных органов,
Республика Казахстан, КЗ, АСЫЛХАНОВИЧ, ЕРГАЛИЕВ КУАНЫШ